

1 2008  
798к.

МТ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТҮФҮРЫҢ

Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА

Тұма  
жырдың  
түнүзі









---

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ТҮФÝРЫҢ

Гүлзада НИЕТКАЛИЕВА

ТҰМА  
ЖЫРДЫҢ  
ТҰНЫҒЫ

1  
20



“Ер-Дәulet”  
Астана

ББК 83.3

Н 55

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТИНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Пікір жазғандар:  
**Жұмазия Әбдірахманова**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
**Гүлзира Аяпова**  
филология ғылымдарының кандидаты

**Ниетқалиева Г.**

**Н 55 Тұма жырдың тұнығы.** – Астана: Ер-Дәulet, 2007. – 256 бет.

ISBN 9965-436-39-8

Филология ғылымдарының кандидаты Гүлзада Ниетқалиеваның бұл енбегі көрнекті ақын Есенғали Раушановтың шығармашылығындағы психологиялық параллелизмге арналған. Жас ғалым ақын өлеңдерін жан-жакты талдай отырып, оның көркемдік ерекшеліктерін, әсіресе параллелизм құпияларын ашқысы келген. Расында, Е. Раушанов өлеңдері мен дастандары ерекше талдауды талап етеді. Автор сол мақсаттың үдесінен шығуға үмтүлған. Ақын шығармашылығы туралы бұған дейін жазылған ғалымдардың енбектерінен бұл зерттеудің өз ерекшелігі бар.

Енбек әдебиетші ғалымдар мен жас қаламгерлерге жалпы өлең сүйер қауымға арналған.

4603020000

Н -----хабарландырылған – 2007  
00(05)-07

ББК 83.3

ISBN 9965-436-39-8

© Ниетқалиева Г. 2007  
© “Ер-Дәulet”, 2007

# ТІЗГІН ҚАҒАР

*немесе психологиялық параллелизмге бастайтын  
суреткердің ішкі әлемі*

**С**ыни көркем ойдың дамуына ықпал жасайтын және құрделі теориялық пайымдаулар мен тұжырымдауды қажет ететін үлкен құретамырлы тақырыптың бірі – суреткер сомдаган көркемдік әлем. “Адамның жан дүние құбылысының құпияларын ашып, оның рухани және психологиялық сезім пернесін дөп басып, кәдімгі тіршілік көріністерін көркемдік шындық дәрежесіне көтеру кез келген талант иесінің пешенесіне жазылмаган. Көркем шыгармашылықтың қындығы мен ерекшілігі де сонда” (Вопросы литературы, 1958, №4, с.167). Алайда соңғы жылдарға дейін суреткердің көркемдік әлемі әдеби сында көлеңкеде қалып келді. Негізгі назар – шыгарманың құрылымын, оқыға желісін, кейіндердің жағымды – жағымсыз бейнелерін, оның таптық тегін талдауга арналды. Көркемдік ерекшілік ретінде жазушының стилі мен тілдік қолданыстарына, ондағы психологиялық желілерге баса көңіл бөлінді. Достоевскийдің шыгармаларындағы “көп дауысты әлем” туралы айтылған Бахтиннің еңбегінен кейін гана шыгарманың көркемдік әлемі туралы әр түрлі пікірлер айтылып, арнайы зерттеулер жазыла бастады. Өйткені суреткердің көркемдік әлемі – қайталанбайтын құбылыс. “Көркемдік әлемі” категориясы әдебиет туралы ғылымның ең ежелгі заңдылықтарының бірі бола тұра

кеңес дәүірінде идеологиялық шектеудің кесірінен ауқымды зерттеу обьектісіне айналмады. Тек Д.Лихачевтің “Көркем шыгарманың ішкі олемі” (Вопросы литературы, 1968, №8) атты мақаласынан кейін гана жеке шыгармалардың және жазушылардың көркемдік әлемін танытатын теориялық мақалалар дүниеге келді. Ф.П.Федоров “Көркемдік әлем” деген үгымга: “Бұл – эстетикалық мақсаты бар текстегі рухани қатынастардың сан-салалы жүйесі”, – деп анықтама берсе (Федоров Ф.П. “Романтический художественный мир: пространство и время”. Рига, 1988, с.5), ал, В.П.Асмус: “Көркемдік әлем ойдан шыгарылған, нақты өмірге қатысы жоқ дүние емес. Автордың керемет фантазиясы болуы мүмкін, автор Аристотель, Сервантес, Гофман, Гоголь, Маяковский болуы мүмкін, бірақ олардың ойлау қабілетінің күштілігіне қарамастан, оның шыгармасында суреттелген нәрсе оқырман үшін тосын болса да шындыққа жанасымды болуы керек”, – деп жазады.

Көркемдік әлем – бұл тек табиғатқа таза еліктеу гана емес, сонымен бірге жалпы жалғанның заңдылығы туралы қорытылған ортақ көркем түжірым. Өмір құбылыстарына әр қылыш тағдыр арқылы баға беру, түрлі оқиғалар арқылы ой қорытуға жетелеу, оны көркемдік сүзгіден өткізіп, белгілі бір көзқарас қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да көркемдік әлем – жазушы танымындағы, қогамдық санадағы өмір суреті. Көркемдік әлем солардың жиынтық бейнесі. Ол – өмірді түсінудің қуатты құралы. Осыған орай біз тек шыгарманың көркемдік әлемі туралы гана емес, сонымен бірге жазушының, тіпті өнер типтеріндегі көркемдік әлем туралы сөз қозғай аламыз. Сондықтан да көркемдік әлем обьективті дүние мен жазушы санасының біртұтас бірлігі, бірақ ол обьективті дүниенің көшірмесі не көлеңкесі емес, әрине, шартты түрде және белгілі бір дәрежеде өмірлік құбылысқа байланысты, бірақ оған

тоуелді бол қалмайды. Себебі, суреткер оны озінше көркем образ етіп жасайды. Жалпы көркемдік әлем туралы пікірді сонау ежелгі дәуірде-ақ сөз өнерінің түңгыш теориясын жасаган Аристотель айтқан болатын. Ол әр “жанрдың басын біріктіре қарастырып, олардың табиги ортақ себепкери ретінде табигат заңына еліктеуді алдыңғы қатарга қой, ягни көркемсөздің мәйегі – еліктеуден басталады”, – деді. (Аристотель. Соч. М., т.4, с.646). Осы көркем еліктеудің өзін зерттеушілер екіге бөлді: біріншісі: жанама (опосредственные) еліктеу, ягни көркем бейнелеудің негізіне нақты көріністі шартты түрде ала отырып суреттеу. Екіншісі, тіке-лей (непосредственное) еліктеу, ягни көркем ойдың негізі танымдық (познавательная) сипат алады да, ол өмірлік шындықтың көркем шындыққа үласуын барлық заңдылықтар мен түрлі құбылтуды пайдалана отырып қарастырылады. В.Г.Белинский шындықтың бейнелеңуінің осындай екі түрін – реалды және идеалды деп екіге болді. Ол: “Ақын өмірдің күнделікті тіршілік көрінісін, өмірге, заманга, халыққа деген көзқарастан туындаған десерін өзінің мақсат-мұратына сәйкестендіріп суреттейді, не өмірдің барлық жақсылығы мен жамандығын сол қалпында шындықты әшкерелей отырып, соның барлығын тәптіштеп, күнгейі мен коленкесін қоса нақты суреттейді”, – деп атап көрсетті. (Белинский В.Г. Собр. соч. М., 1976, т.1, с.141). Көркемдік әлем – бейнелеу тәсілдерінің қай түрін қолданса да жатсынбайды, мейлі “еліктеуден”, мейлі көркем бейнелеуден бастау алсын, бәрібір, мунда өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың қат-қабат көрінісі қамтылады. Сондықтан да шыгарманың көркемдік әлемін түсіну күрделі құбылыс. Себебі ол “Шындықты нақты бейнелеу мен көркем ой қорытудың нәтижесі болғандықтан да жандүние құбылысы арқылы суреткер озінің көркемдік әлемінің заңдылықтары мен оның ішкі логикалық құрылымын ашады. Ол үшін ақынның

танимдық шеңберін анықтап, оның адам мен дүние туралы түйгөн ойын түсініп, лирикалық кейіпкердің іс-эрекетінің қозгаушы қүшінің себебін, көңіл-күйін, сол көңіл-күйге әсер еткен жағдайдың әлеуметтік астарын ашып барып, сол жөніндегі суреткердің көзқарасын екшеп барып, қорытынды жасау қажет. “Сынының міндеті – заман мен сол заманның суреткерлерінің образын ашу” деген санатты сөз бар. Ендеши, ақынның көркемдік әлемін ол өмір сүрген ортадан тыс қарастыруға болмайды. Міне, сондықтан да бүгінгі таңда адам мен табигат арасындағы байланысты зерттеудің қажеттілігі туып отыр. Өз заманына үн қосып, сол бір діттеген тақырыпты көркемдік әлеміне арқау етіп жүрген қазақ ақындарының бірі – Есенгали Раушанов. Осы бір аса күрделі тақырыпты қозгай отырып, өзінің басты нысанасы ретінде Адам мен Табигатты ала отырып, өзінің көркемдік әлемі арқылы Е. Раушанов исі адамзатқа ортақ, “мәңгілік мәселелерді” де көтеруге үмтүлды. Сынылар, кейінгі кезде көркем шыгармаларда көтеріліп жүрген “мәңгілік мәселелерді” экзистенциалдық мәселелер деп атайды. “Экзистенциалдық” деген ұғымды “экзистенционалистік философия” ұғымымен шатыстырмау қажет. Экзистенциалдық мәселелер дегеніміз – ол өмір мен өлімнің, өмір сүру мен өмір сүрудің магынасының, адам мен табигаттың, тарихи тұлғалар мен олардың күресінің, достық пен жалғыздықтың, армандау мен өмірден безінудің арасындағы арпалыс. Бұл – әлеуметтік, азаматтық тақырып: еркіндік, мемлекет, соғыс, әділеттілік пен әділетсіздік, яғни “адамның өмір сүруінің мүдделерінен негізгі қажетті мақсатын бейнелейтін сан-салалы ұғым (Гинзбург Л. “О старом и новом” Л. 1982, с.17).

“Көркем бейне дегеніміз – жалғанның жаратылысының нәтижесі мен жалғанның жалпыға ортақ заңдылығының соны көрінісі. Көркем шыгарма жасында жасырынып жатқан жан тебіренісі мен құпия күштерді

және өмірдің өзінен туындайтын нақты құбылыстар мен оқиғаларды басшылықта алатын заңдылықтарды дөп басып табады” (Котиков В.В. “Художественный образ и действительность”. Кн.: “Теория литературы”. Основные проблемы в историческом освещении. М., 1962).

“Бізде шыгармашылық қабілет азаюда, бізде жүректің, пейілдің кеңдігі кеміп барады... бізге өмір поэзиясы жетіспейді, өз түсінігімізден есебіміз асты... Адамның сыртқы әлемге жүргізер билігін күшейткен гылым-білімнің дамуы поэтикалық бастаудың жоқтығынан оның ішкі әлемін тарылтты. Адам стихияны багындыра отырып, өзі де соган багынышты, төуелді болып қалады (Шелли Ф. Письма. Статьи. Фрагменты. М. Наука, 1972, 534 с.).

Қазіргі әдебиетте кең орын алған мәңгілік тақырыптардың бірі – адамның өмір сұру туралы толғанысы. Бұл адамның қоршаган ортамен тікелей гармониялық қарым-қатынасын көрсетеді. Яғни адам мен табигат арасындағы қарым-қатынас көркем ой арқылы зерделеу мәселесімен тығыз байланысты. Ал бұл агым 70-80 жылдардағы әдеби-көркем шыгармаларда көтерілген негізгі арнаның бірі болды. Әдетте, адам мен табигат арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін прозалық шыгармалардағы тартыс сан салалы, көп желілі болып келеді. Мұның басты себебі: планеталық ауқымдағы экологиялық дағдарыстың күшеюі және оның табигатты қоргау, жердегі тіршілікті сақтау мәселесімен қат-қабат үштасады. Көркем шыгармага арқау болған бұл тартыс – бір-біріне қарама-қайшы келетін жаңа агымды қалыптастырады. Сондай багыттың бірі – қоршаган ортамен адамның жсан дүниесін қоргау мәселесін қатар шешуге үмттылған агым, яғни адам мен табигат арасындағы қарым-қатынасты адамгершілік мәселесімен үштастыра баянданап, адам мен табигат арасындағы бір-біріне төуелділіктің арта түскендігін

баса көрсетеңді. Мұны жазуышы Д.Гранин: “Коршаган сыртқы ортанды қоргаумен бірге, адамның жандуиесін – ішкі әлемін де қорғау мәселесі қоса туындаған отыр” деп орынды түсіндіреді (Гранин Д. “Два крыла”, Правда, 1978, 29 мая). Табигат пен адамның арасындағы осы тәуелділікті кейінкердің психологиялық тебіренісі, әлеуметтік жағдайы, өмірлік тәжірибесі арқылы бейнелей отырып, жазуышылар адам мен табигат арасындағы байланысты тек философиялық – адамгершілік тұрғыдан ғана алып, оны көркем ой елегінен өткізіп қана қоймайды, сонымен қатар адамның ілхамдық мәннегін, оның қоршаган ортанды басына түскен қауіп пен қатерді түсіну дәрежесін сол табигатпен арадағы қылыштықтардың қарым-қатынасы арқылы суреттейді. Дүние әдебиетінің У.Фолкнер, Э.Хемингуэй, Я.Ковабата іспетті ХХ гасырдағы ұлы өкілдерінің шыгармаларындағы адамның тағдырын табигатпен тели суреттеп, оқиғадан гөрі “өмір сұру” мәселесіне дең қойып, оған психологиялық, философиялық, әлеуметтік астар беріп, сан қылыштық әдеби тәсілді қолдануы – прозалық дүниенің мазмұнына да, жазылу мәнеріне де, желісіне де, ішкі құрылымына да әсер етіп, мұлдем жаңа сипат берді. Өмірлік шындық пен коркемдік шындықтың орнын көркем ой тұжырымы алмастырып, мұлдем тосын, әрі өте күрделі “көркемдік әлем” деген үгымды қалыптастыруды. Тіпті, кейбір әдебиетте, оның ішінде қазақ әдеби сынны да бар, “көркемдік әлемнің” терминдік создігі әлі де толық бір ізге түсірілген жоқ. Сондықтан кейбір үгымдар мен терминдерді орыс әдебиетшілері пайдаланған нұсқасы бойынша алып, солардың пайымдауы арқылы түсіндіруге тура келеді. Көркем сында талданбаган бұл қандай жаңалық дегенге келсек, ең алдымен “ішкі және сыртқы” тақырыптың өзара байланысы, өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың арасын ажыратудағы байланысы, көркем ойдың жаңа сипаты, образ берен проблеманың арасындағы заңды-

лықтар деген теориялық мәселелерге жауап іздеуіміз керек. Осыған орай ақын Е. Раушановтың шыгармашылығының “көркемдік әлемін” арнайы зерттеу тақырыбы ретінде алғы отырмыз. Е. Раушанов әлемдік әдебиеттің тың толқынының қатарында “ішкі” және “сыртқы” тақырыптарды меңгеріп, адам санасының табигатпен екі арадағы “екіге жарылуын” (раздвоение личности) қазақ сөз өнеріне алғы келген ақын. Оның өлеңдерінің он бойынан романтизм, реализм, натурализм, символизм бағыттарының үшқындары нышандынытады. Ақынның өлеңдері мен поэмаларында табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас әр түрлі жағдайға байланысты сан қырлы оқига желісі арқылы қарастырылған. Сондықтан біз Е. Раушановтың көркемдік әлемі қандай, ол әлем несімен ерекшеленеді деген сауалдарга жауап беруге үмттыламыз. “Мәңгілік мәселені” көтерген ақынның көркемдік әлемін түсінудің неғізгі шарттарының бірі – оның ішкі тақырыбын табу болып саналады. Бұл ретте осы тақырыпты зерттеп жүрген сыншы Г. Белая: “Жазушының көркемдік әлемінің өзіндік ерекшелігін танудың басты жолы – жазушы шыгармашылығындағы оның өзі тапқан тұракты түрде оралып отыратын “ішкі тақырыбын” дөп басып, суреткерді толқытқан өмірлік мәселелердің бірлігін тауып алу керек. Сол арқылы оның көркемдік әлеміндегі “ішкі тақырыпты” неғізге алғып, соган табан тіреіп отырып талдауга мүмкіндік туады деп жол көрсетеді (Белая Г. Литература в зеркале критики. М., 1986, с. 226).

Егер де “мәңгілік мәселені” көтеретін (біз шартты осылай атап отырмыз) суреткер үшін “ішкі тақырып” соншама маңызға ие болатын болса, онда “сыртқы тақырып” та болуга тиісті гой. Ал осы үгымдар нені білдіреді? Соны тиянақтап алу үшін біз “ішкі” және “сыртқы” тақырып дегеніміз не және олардың өзара қарым-қатынасы қандай, соган қысқаша тоқталамыз. Жогарыдагы “ішкі” және “сыртқы” тақырыпқа шарт-

ты түрде болса да теориялық тұргыдан анықтама беру өте күрделі әрі нәзік мәселе. Алайда осы “тақырыппен”, сол “тақырыптың” суреткер көтеріп отырған “мәселеге” қалай қызмет көрсететінін анықтап алмай, пікір тұжырымдау мүмкін емес. Бұл ақын шыгармашылығын түсіндіру барысында негізгі арнадан ауытқып, ұсақ жанама жайларды тәптіштей талдауга әкеліп соқтырады. Сондықтан да “тақырып” үгымының астарында не жатқанын біліп, оның құрылымын анықтау үшін сол мәселеге арналған зерттеулерге қысқаша шолу жасап кеткен жөн сияқты. Атап ғана “тақырып” мәселесі әдебиет теориясы пәнінде 20-30 жылдары көтеріле бастады. Қазан төңкөрісінен кейін дүниеге келген шыгармалар өзінің тақырыбы жасынан біркелкі сарында болып көрінгенімен А.Блок, В.Иванов, К.Федин, Л.Толстой іспетті ірі суреткерлердің шыгармалары тар ауқымды талдауга “көнбейді”. Сондықтан ішінара болса да “ортак тақырыпқа” осылай қарсы пікір білдірген зерттеу еңбектер жарық көре бастады. Мысалы, 1923 жылы В.М.Жирмунский өзінің “Поэтика міндеті” деген мақаласында шыгарманы эстетикалық нақты және көркемдік заңдылықтарынан тыс, дүниенің қосақ (эмпирикалық) заңдарын негізге ала отырып талдаудан бас тартуга шақырып: “Поэтикалық шыгарманың тақырыбы – тілдің бейнелеу құралынан тыс, оған тәуелсіз күйде өмір сүре алмайды. Ол (тақырыпты игеру-Г.Н) сөз арқылы жүзеге асырылатындықтан да поэтикалық заңдылыққа сөз қандай қызмет етсе, ол да сондай тәуелді болмақ”, – деген пікір білдірді. В.М.Жирмунский: көркем шыгарма – “ішкі әлемі – біртұтас жүйе” деп бағалап, ал тақырыпты эстетикалық тұргыдан іріктеліп алынған сөздердің “бірлігі” ретінде қарастыру керектігіне көңіл бөлді.

Демек, тақырып – жазушының көркемдік түсінігімен тығыз байланысты және онда бейнеленген шындық, сол суреткердің санасындағы сүзгі арқылы өтеді. Бұл

жонінде И. Виноградов: “Кейбір құбылыстар мен шындықтың кейбір жақтарын таңдаудың, өзара байланыстырудың, біріктірудің объективті – танымдық, және субъективті – таптық жақтары да бар. Осы іріктеу мен байланыстыруды тек қарабайыр (натуралды) қалпында түсінуге әсте болмайды, оны ілхамдық – шыгармашылық (субъективті творчестволық) түргыдан түсіне білу қажет. Осыдан келіп шыгатын қорытынды мынау: көркем шыгарманың құрылымдық бірлігін, олардың өзара байланысын және көркемдік сүзгісін анықтайтын ой таразысы – қашанды басты назарда болу керек” – деген пікір білдірді (Виноградов И. “Вопросы марксистской поэтики” М., 1972, с.162).

И. Виноградов осы еңбегінде “тақырыпты” алғаш рет “ішкі” және “сыртқы” тақырып деп екіге бөлді. Оның түсіндіруінше, “сыртқы тақырып” дегеніміз – шыгармада бейнеленген белгілі бір коріністердің (объектілердің) әр түрлі нақтылықпен сипатталған жалпы нұсқасы. Ал “ішкі тақырып” дегеніміз – сол коріністің ерекше бейнеленген тұстары” (Бұл да сонда, 170 б.). “Тақырып” мәселесін сексенінші жылдары Г.А. Белая қайта қозгады. Ол өзінің “Әдебиет – сынның айнасында” деп аталағын монографиясында “тақырып” мәселесі жөнінде гілдірді саралай келіп: “Тақырыпты зерттей отырып, оны эстетикадан тыс шындық ретінде теңгермешілікпен бағалауымызды енді қоюмыз керек және оны 1) Сыртқы тақырып (көп жағдайда жеке шыгармага қолданылатын ұғым, жазушының жалпы шыгармаларына байланысты аз қолданылады; 2) Жазушының шыгармашылық ішкі тақырыбы; 3) Көркем шыгарманың ішкі тақырыбы деп нақты мынадай үш жікке бөліп қарауымыз керек, – деді (Белая Г. Литература в зеркале критики. М., 1986, с.167). Сыншы осындағы жіктедің әдебиет сынны тарихында бұрыннан айтылып келе жатқандығына қарамастан әлі де нақты теориялық түргыдан тұжырымдалмай отырганына

коңлі бөледі. Шынында да, 20-шы жылдары шыққан “Әдеби энциклопедияда” жарияланған Я. Зунделовичтің мақаласында жазылған еді. “Кең магынада алсақ, тақырып дегеніміз – дүниенің тұтас көрінісі, ол суреткердің поэтикалық дүниетанымын анықтайды. Осы көріністің бедері арқылы шындықтың әр түрлі құбылыстары суреткердің санасында қатталады. Осы көріністің (образдың) нәтижесінде суреткер оны жинақтау беру мүмкіндігіне ие болады және дәл осы көркем жинақтау оны суреткерлік қабілеті жоқтардан ерекшелеп көрсетеді. Әрбір шынайы суреткердің өз тақырыбы, өз көркем әлемі болады деген нікір білдірілген болатын (Литературная энциклопедия. Словарь литературных терминов в 2-х томах. т. II. М-Л., 1925, с. 927). “Оз тақырыбы” дегеніміз – бұл суреткердің шыгармашылығындағы ішкі үндестік пен бір-біріне жақын тақырыптардың тогысуы. Ал “өзіндік дүние образы”, “озіндік көркем әлемі” дегеніміз – салыстырмалы түрде айтылған метафоралық теңеу, шындығында бұл дүние – тіршілік құбылысын өзіне тән көркемдік шеберлікпен бейнелеу арқылы айтайды деген ойын жеткізе білуі. Бірақ та “көркемдік әлемі” – ақын шыгармашылығының “ішкі тақырыбының” қалыптасуына тікелей әсер ететін алғы шарт бол табылады.

Суреткердің негізгі тақырыбын бірден анықтау өте қыын. Суреткер шыгармашылығының бастапқы кезеңінде оның ішкі тақырыбы стихиялы түрде қалыптасады. Уақыт өте келе ақын шыгармаларында нақты бір мотивтің күшіне бастаганы, дүниедегі белгілі бір құбылыстарга қызуышылықпен қарайтыны және оны көркемдік сүзгіден өткізу әдістерінің тұрақты сипат алғаны байқалады. Ақынды толғандыратын бір тақырыптың стихиялы түрде және саналы түрде дамуын біртұтас шыгармашылық процестің екі арнасы ретінде де қарастыруга болады. Тагы бір маңызды нәрсе – тақырыптың көркемдік дамуы – үзакқа созылатын

процесс. Тақырыптың шыгармадан шыгармага біртіндең осу жолын зерттеу жазушының дүниетанымындағы негізгі бастауды, оның көркемдік ойының даму багдарын және өмірдегі өзгерістерге байланысты пайды болатын жаңа мәселелердің суреткер санасына тигізетін әсерін анықтауга мүмкіндік береді. Енді осы “ішкі тақырып” немесе негізгі тақырып мәселесін ақын Е. Раушанов поэзиясын негізге ала отырып талдайық. Е. Раушановтың суреткерлік әлемінің бір ерекшелігі: ақынды толғандыратын “мәңгілік мәселелер” екені, бірақ ол мәселелердің себебін өзіндік дүниетаным түргысынан шешуге ұмтылатыны бірден байқалады. Ақын өлеңдерінен поэмасына дейінгі аралықтагы шыгармаларындағы лирикалық кейінкерлер өмір жолында адасқан, қиналған мұңды да адап жандар. Лирикалық кейінкердің көңіл-күйін, мінезін, қылықтарын табиғатпен астастыра суреттеу арқылы ақын рухани жалғыздықтан шыгудың жолын іздейді. Бұл ақын өлеңдерінен айқын көрініс табады.

Олең – көп сырлы құбылыс. Осы көптің атаулысына өлеңнің әдеби-эстетикалық және мазмұндық-философиялық белгілерімен қатар сөн мен мән диалектикасын жатқызуға болады. Сөн дегеніміз – ақын тілінің шеберлігі, көріктеу құралын қолдану зергерлігі болса, мән – сол көріктеу құралын мазмұнмен үйлестіре келіп ой түйінін, тосын шешімін жасаі білуі. Бұл екеуі бірбіrine тәуелді, тұтас, бірақ гылыми барлау барысында ажыратып қарауга икемді құбылыстар. Өлеңнің әдеби-эстетикалық және мазмұндық-философиялық жақтары, басқаша айтқанда, бітімі мен болмысы біршама дербес құбылыс. Қай құбылыстың болмасын бітім мен болмысы сәйкестігін анықтай түсіп, оның жалпы философиялық қасиеттерін мүгдарлау өлеңді зерттеудің теориялық және методологиялық багыт-багдарын анықтаудың сынақтан өткен сара жолы екенін ескеру артық бола қоймас деп ойлаймыз. Мәселені осылай

тосын қойып отыруымыз тегін емес. Қазақ өлеңі гылым назарынан тыс қалған жоқ. Халықтың өлең мұрасын зерттеу – айтулы еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болды. Олар қопшілікке белгілі болғандықтан жеке-жеке атап, егжей-тегжейлі тоқталып жату артық әрі мүмкін емес. Сондықтан қазақ өлеңінің үйқас техникасын, құрылымын зерттеуге арналған С.Негімовтың “Өлең өрімі”, З.Ахметовтың “Қазақ өлеңінің құрылышы”, С.Сейітовтың “Қазақ поэзиясы және Маяковский дәстүрі”, А.Нұрқатовтың “Идея және образ”, “Абайдың ақындық дәстүрі”, М.Базарбаевтың “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы” секілді белгілі еңбектерінде қазақ өлеңінің құрылышы, техникасы, пайдалану тарихы жақсы зерттелген. Қазақ өлеңінің көркемдік құрылышында, мазмұнында психологиялық параллелизмің алатын орны ерекше. Қазақ өлеңінің мазмұндық-философиялық белгісімен психологиялық егіздеу арқылы өзгеше тұжырым, өзгеше көзқарас қалыптасады. Қазақ өлеңінің мазмұндық-философиялық белгісі мен психологиялық егіздеудің бірігуінен қазақ өлеңінің актарылмай жатқан қасиетін тануымызга болады. Өлең – өмірдің, заманың өзгерісіне қарай толығып, жаңарапт отырады. Бұл орайда өлең – тарихи құбылыс деуге де болады. Тек басқа әдеби туындыларға қараганда өлең сөзінің үздік қасиеті сол, оны ел тез жаттайды және жадында үзақ сақтайды. Міне, сондықтан да ел ең үздік шыгарманы, жсанына жақын өлеңді гана мойындейды. Өлеңінің көркемдік жағына да назар аударылады. Әрине, халыққа ең жақын өлең – табигатпен біте қайнасқан, өмір заңы мен табигатты егізден суреттейтін өлең. Себебін жогарыда да айтып өттік, қазақ халқы ежелден табигат-анага жақын, табигатпен бірлікте дүние заңдылығын, өмірдің өткіншілігін жырлау жсанына жақын. Осы жәйтті назарга ала отырып, өлеңді философиялық зерде мен психологиялық егіздеу

тогысқан құбылыс түрінде саралауда танымал, ел ішіне кең тараган ақындардың өлеңдеріне жүгіндік. Өлең – өмір. Өнердің шыныайы иесі – халық. Ол менишік дәулеттінің жақсы мен жаманын, асылы мен жасығын, салмагы мен аумагын жіті білгені жөн. Сондықтан қазақтың олең өнерін ғылыми зердемен барлау үстінде халық қазынасының қалың нуын аралап, мүмкіндігі жеткеніше халыққа кеңінен танымал ақындардың өлеңдеріне назар тастап, құзаган мәселелерге ұрымтал үлгілерді алуға тырыстық. Қазіргі қазақ поэзиясындағы психологиялық егіздеудің көркемдік қызметі ғылыми дәйектелмеген, сол себепті Е. Раушанов, Т.Әбдікәкімов өлеңдерін зерттеуді жөн көрдік. Қазіргі қазақ өлеңін этикалық, эстетикалық, философиялық зерде мен психологиялық егіздеу тогысқан құбылыс ретінде зерттеу мүлде тың іс. Бұл копшілік назарына ұсынылып отырган ізденісіміздің нысаналы ерекшелігі болмақ. Халқымыздың дүниеге дәстүрлі көзқарасында ұзақ заманалар бойында көшпелі өмір салтымен қойындастқан, онымен үйлесім тапқан салт-сананың, әдет-ғұрыптың, талғам-түйсіктің айқын сипатты белгілері сараланған. Дәстүрлі зерденің тегі мен тамыры табиғаттан бастау алып, заттар мен өмір құбылыстарының тіршілік талабымен үйлесе сұрыпталуымен туындағы жетады. Негізі қазақы үгымда адамды қоршаган дүние мен табиғат жаны бар, саналы құбылыс деп пайымдалады. Әсілі бұл құбылыстардың сол бір көне замандарда басқаша өре танытуы мүмкін де емес еді. Себебі – табиғат шіркін қашан да көз алдыңда құбылып, қозгалып, осіп-өніп, өліп-таусылып, бейне бір тіршілік етіп тұрғандай гой. Демек, табиғат – қазақтың өмір сұру ортасы ғана емес, табиғат пірі де. “Тарихтың бастау тегінде, – дейді Ф. Энгельс “Анти-Дюрингте” – бейімдеудің обьектісі болған табиғи күштер әр түрлі халықтарда түрліше кейіптенуге түседі”. Жай түсіріп, күн күркіретіп, нағзагай ойнатпақ

оімен “желеп жебеушілерін” шақыртып, қазақ жәдігері табигат құбылысымен адамша тілдеседі:

“*Кел, кел бұлт, кел бұлт,  
Екі енеге тел бұлт.  
Ағысы қатты сулардан,  
Шырай согып кел бұлт.  
Шөбі басқан жерлерден,  
Жүгіре согып кел бұлт.  
Қайың басын қайыра соқ,  
Арша басын айыра соқ.  
Тобылғы басын толгай соқ,  
Атан түйе жыга соқ*”, –

дейді күн жайлаташының байыргы сарыны, оған жалалы-нады, жалбарынады, өзіне сырды мәлім қасиеттерін тіленеді. Өйткені оның түсінігінде табигат адам тек-тес те, адам табигат тектес. Адам мен табигат тұтас. Макрокосмос (табигат) пен микрокосмос (адам) терезесі тең қос жүйе. Мұндай натурфилософиялық үгым адамға табигаттың бөлшегі ретінде қарауга мүмкіндік тұгызады. Халықтың осы дәстүрлі түсінігін Есенгали Раушанов өз өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін биік сатыға көтеру үшін шебер де еркін пайдалана біледі. “Хат” деген өлеңінде алыста жүріп елді сағынган үл түсінде анасын көргенін, ана әмірімен түсінде тұні бойы өлең жазғанын айта келіп:

“*Күңгірттеу тартып нұр-онің,  
Жудеулеу, ойлы пішінде.  
Жүрдің сен менің жүрегім,  
 Таңдағы нұрдың ішінде.  
Басылмай қалды-ау құштарым,  
 Коремін бе енді Хая-ана!  
Шық тұнған гүлді нұсқадың,  
 Не дегің келді Хая-Ана?* –

деп Ана бейнесі мен таңғы нұрды егіздесе, келесі шумакта сағынған ананы көріп мауқы басылмай қалған перзент мұңы мен шық тұнған гүлді егіздейді. Таңғы нұр, шық тұнған гүл — символ. Тазалықтың, мөлдірлік-тің, киеліліктің символы. Бала үшін ана — Тәнірімен тең. Себебі оны дүниеге әкелген, ең алгааш ақ сүтін берген, жыласа тұнде шошып оянып, тал бесікті таяндып жұбатқан Ана. Таңғы нұр да барша жақсылықтың белгісі, киеліліктің хабаршысы болса, таңғы нұр ішінде жүрген Ана бейнесі де ерекше тұлға. Құштары басылмай қалған баласына шық тұнған, гүлді нұсқап, таңғы араймен гайып бол кетуінде үлкен философиялық мән бар. Бұл жерде философиялық мазмұн мен психологиялық параллелизм шебер тогысқан. Ақын осы ойын өрбіте келіп:

**Қызгалдақ гүлің — мен едім,  
Жайнайын бік қырларда!  
Таңғы шық — мөлдір олеңім,  
Тогіліп кетпей тұрганда,**

деп өзін қызгалдақ гүлге, өлеңін таңғы шыққа баламалап, ауыстырып метафора жасап, сол метафора арқылы психологиялық егіздеуге құлаш үрган. Ананың өмірге қалдырган аманаты, мұрасы — үрпақ болса, даланың сан гасыр сақтап келе жатқан мұрасы — жасыл шөбі, қызгалдақ гүлі. Дала төсінде өскен қызгалдақ қандай қуаныш әкелсе, бала да ана көңіліне сондай үміт үялатады. Қызгалдаққа тұнған мөлдір шық қандай сұлу болса, адам өмірінде, әсіресе қазақ өмірінде өлеңнің орны ерекше. Өлеңнің таңғы шықтай болуы гажап құбылыс. Өлеңі сондай ақынның жолы да мөлдір, жсаны да гажап тазалығымен таң қалдырады, таңдай қақтырады. Ақын бұдан әрі тың да тосын философиялық түжісірим жасайды:

*Шық тұнған ғұлді нұсқадың:  
“Жан балам мына омірде,  
Озінен биік ұстарың,  
Молдірлік болсын дедің бе?”*

Шық тұнған ғұл мен адам жанының тазалығы, мөлдірлігі психологиялық егіздеу арқылы берілген. Яғни, адам мен табигат тұтастығы арқылы жаңа, тосын шешім қабылдайды. Өз қара басынан да мөлдірлікті, жан тазалығын, пәктігін жоғары қою идеясы. Және соны шық тұнған ғұл арқылы ишаратпен үгымдыру. Әрі символ, әрі меңзеу. Дәстүрлі қазақ үгымында дүние, әлеумет, рух болып үшке бөлінсе, уақыт өзара тәуелсіз үш бөліктен тұрады. Отken, бүгін және болашақ рет-ретімен ауысып отыратын мезгілдің, дара бөлшектері болып саналады. Уақыт туралы қазақы түсініктеп өшкен жанбайды, отken қайтып келмейді деген үгымга саяды. Есенгали да осы үгымды одан әрі, тереңдеміп, табигатпен егізден әжетеді.

*Мен оралдым, айтам енді,  
Анашымның қартайғанын.  
Желдең кетіп қайта келді,  
Жez бүйдалы нар тайлагың.  
Асыл таңның алдым зерін,  
Шайдым нүрмен коңілімді.  
Тас бол қатқан тандыр желін,  
Тақырлардың оңі кірді...*

Адам дүниеге келеді, өседі, өркен жаяды, қартаяды, мәңгілік мекенине кетеді. Өмір бір орында түрмайды. Кешегі бала – бүгін әке, кешегі жас ару – бүгін кемпір. Осы философияны тереңдете түсіп, өзін бүйдалы нар тайлаққа баламалау арқылы тұган жерге оралуын, тұган жер төсін аңсауын психологиялық егіздеу арқылы жеткізген. Қазақы үгымда аруана, нар, түйе баласы

қасиетті деп саналады. Туган жерді аңсау, сагыныш көп өлеңдерде аруана, нар бейнесі арқылы сомдалған. Аруана, нар – символ. Туган жерді аңсаудың, сагынудың символы. Жез бүйдалы нар тайлақтың туган жерді аңсауы қазақ ұғымына сай, бүйдасының жезден болуы да философиялық ұғымды көрсетеді. Асыл таңың зерін алып, көңілін нұрмен шайған ақынның жсан тазалығы кімді де болса да тәнні еткендей. Тандыр жесін тақыр даланың өзін кіргізген, нұр, жәауын қандай галамат. Туган жердің көркін, әсем табигатын өз көңілімен егіздеу суреттеу арқылы жаңа бір ұғым, жаңа бір түсінік қалыптастырады. Нұрмен Даға жуынады, нұрга Даға шомылады, нұрдан Даға нөр алады: шебі шүйгінденіп, көріктенеді. Сол нұрга көңілін жуып, тазарту тек ақын табигатына ғана тән. Көңілі пәк, жсаны таза, сұлулыққа іңкәр жсан ғана көңілін жаңбырға, яғни нұрга шайып, тазалайды. Даға – көңіл, көңіл – Даға. Есенғали өлеңдерінде осындағ бірімен бірі бірігіп кеткен ұғымдар көп. Оларды ажыратудың қажеті де жоқ. Осы өлеңде:

“Бұлдіргенді даға қандай,  
Бүрін жарды бақ гажайып.  
Қатарланған қара нардай,  
Қарияларым қапты азайып, –

деген шумақта ақын өмірдің заңын философиялық зерде арқылы түйсініп, тұжырымдап, психологиялық егіздеу арқылы суреттеген. Қектемде, жазғытурым бақтар бүр жарып, көктем, далада бұлдірген пісіп, бар дүние қектемнің дидарына елтіп, мас бол, шалқып тұрган сәт қандай гажап, бірақ өмір заңы қатал әрі бірінебірі қайши келеді екен. Жас өмір өркен жаяды, үрпақ жалғасады, қариялар қатары сирейді. Бұлдіргенді даға мен бүр жарған бақты, қектемнің гажайып, шуақты келетін сәтін қариялардың азайып бара жатқанымен

егіздеу арқылы тосын философиялық шешім шыгарады. Қатарланған қара нардай қариялар азайса несі бар, артынан үрпақ өсіп келеді емес не?! Қара нар – символ. Туган жерін сүйеттін, туган жерге іңкәр қазақтың қара шалының символы. Эрі егіздеу. Одан әрі:

*Қара тобе жазығында,  
Қаңбақты жел айдады әрі...  
Қара нардың қазығында,  
Қара бота айналады...*

Көңілің құлазып кетпей ме?! Опасы жоқ тірліктің азды-көпті несібесін тере жүріп, бір сәт өмір заңы туралы толғанбаймыз-ау біз. Қара тобе жазығында ызып түрган жел қаңбақты домалатып, қуып барады. Құлазыған күз. Өмірдің де күзі келді, көш тарқады, өмір көши. Бірақ көңілде көмескі үміт бар. Үміт бар жерде тірлік бар. Ол үміт қара нардың қазығында боздан түрган қара бота... Тірлік жазса қара нардың орнын басады. Эрі символ, туган жерге іңкәрліктің, туган жер төсін аңсаудың символы. Эрі үрпақ жалгастығын меңзейді (синекдоха). Символдау және меңзеу арқылы психологиялық параллелизмді шебер қолданған. Табигат суреттімен шарпыстырып өмір заңын, жалғаның опасыздығын, өткіншілігін, үрпақ сабактастығын үндестірген. Өмір заңы – жас өмір өркен жаяды, қариялар азаяды, әке шаңырагына үл ие. Табигат құбылысы арқылы философиялық мазмұнды осыншама кеңейтіп, зорайтып, өмірді бар қарама-қайшылығымен алға тоқсан.